

Түркістан облысы
Түлкібас ауданы
"Балжан" бөбекжай-бақшасы"
жеке мекемесі

*Ойын ретінде
ұйымдастырылған
іс-әрекет
Тақырыбы:
"Күлдіргіштер әлемі"*

Тәрбиеші: Қуандықова Ш.



2024-2025 оқу жылы



Білім беру саласы: «Таным»

Ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекет.

Тақырыбы: «Күлдіргіштер әлемі»

Мақсаты: Балаларды ұзын, қысқа, ұзындықтары бірдей сөздерін пайдаланып, ұзындықтары бойынша екі затты салыстыру әдістерімен таныстыру.

Дидактикалық ойын: «Пішінді ата»

Мақсаты: Шаршы, дөңгелек геометриялық пішіндерді бекіту.

Дидактикалық ойын: «Сенде соны көрсет»

Мақсаты: Тәрбиеші көрсеткен геометриялық пішіндерді (шаршы, дөңгелек) тез тауып көрсетіп, оның пішінін атауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап, тосын сәт

Көрнекі құралдар: сиқырлы қорапша, үш түсті, ұзындықтары әртүрлі ленталар.

Үлестірмелі құралдар: пішіндер (шаршы, дөңгелек).

Сайқымазақ:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен түрлі сиқырлар жасағанды жақсы көремін. Менің қолымда сиқырлы қорапша бар. Егер сиқырлы қорапшаға үрлесе, ғажайып сиқырлар болады. Қане, сен үпірші.

Сайқымазақпен амандасады. Сиқырлы қорапшада не бар екенін білгісі келеді.

Балалар қорапшаны үрлеген кезде түрлі-түсті (қызыл, жасыл, сары) ленталар шығады.

— Ленталар шықты.

— Балалар, сиқырлы қорапшадан нелер шықты?

Ленталардың ұзындықтарын беттестіру арқылы өлшейміз..

— Ұзындықтары қандай?

— Қайсы лента ұзын? .

— Қайсысы қысқа?

— Міне біз ұзын-қысқаны салыстыру арқылы білдік.

— Мына лентаның түсі қандай?

— Енді сары мен жасыл ленталарды салыстырайық.

— Ұзындықтары қандай?

— Әр түрлі

— Қызыл лента.

— Сары лента.

— Жасыл.

— Екі лентаның ұзындықтары бірдей дұрыс айтасыңдар, себебі екі лентаның да ұштары бірдей болып тұр. Бұларды біз «ұзындықтары бірдей» дейміз.

Сергіту сәті:

Бала-бала балақан,

Қане қайсы алақан.

Саусақтарың әйбат,

Былай- былай ойнат.

Дидактикалық ойын: «Сенде соны көрсет»

Ойынның шарты: балаларға шаршы, дөңгелек пішіндері таратылады. Сайқымазақ қорапшадан алып көрсеткен пішінді балалар тез алдарынан тауып, көрсетеді және атайды.

Сайқымазақ:

— Балалар, сендер көп білетін, тапқыр балалар екенсіңдер. Рахмет.

— Сайқымазақ біздерге не көрсеті?

— Ұзындықтары қандай?

— Қайсы лента ұзын?

— Ленталардың түстері қандай?

— Дұрыс айтасыңдар, балалар, жарайсындар.

Балаларды мадақтау.

